
	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Студенттерді қабылдау басқармасы	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ жоғары білім білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу Ережесі




БЕКІТІЛДІ  
 Директорлар кеңесінің  
 шешімімен  
 «18» 07 2023 ж.  
 № 8 хаттамасы


**2023-2024 оқу жылына «С.Ж.Асфендияров атындағы**  
**Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ**  
**жоғары білім білім беру бағдарламалары бойынша**  
**оқуға түсу Ережесі**

Қолдану мерзімі «__» _____ 20__ ж.-дан «__» _____ 20__ ж.-ға дейін	Ұзарту мерзімі «__» _____ 20__ ж.дейін	Статус: Қазіргі <input type="checkbox"/> Ескірген <input type="checkbox"/>
Алдыңғы ескірген құжат: Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді 29.06.2022 жылғы № 6 хаттама	Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы Исакова С.С.	Код № Көшірме № Дана №

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Студенттерді қабылдау басқармасы	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ жоғары білім білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу Ережесі
		Редакциясы: 1
		26 беттің 2 беті


### КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Атауы	Құрылымдық бөлімшенің атауы/ лауазымы	А.Т.Ж., жауапты тұлғаның қолы, қол қою күні	А.Т.Ж., нақты орындаушының қолы, қол қою күні
ӘЗІРЛЕНДІ	Студенттерді қабылдау басқармасы басшысы	Искакова С.С.  «__»__ 20__ ж.	Искакова С.С.  «__»__ 20__ ж.
КЕЛІСІЛДІ	Проректор	Датхаев У.М. «__»__ 20__ ж.	 «__»__ 20__ ж.
	Проректор	Байльдинова К.Ж.  «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.
	1 - Жалпы медицина мектебінің деканы	Измайлова С.Х. «__»__ 20__ ж.	м.а. ұжым т.т.т. - 1 Измайлова С.Х.  «__»__ 20__ ж.
	Фармация мектебінің деканы	Сакипова З.Б. «__»__ 20__ ж.	 «__»__ 20__ ж.
	Х.Досмухамедов атындағы Қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің деканының м.а.	Карибаев К.Б.  «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.
	Стоматология мектебі деканының м.а.	Алтынбеков К.Д. «__»__ 20__ ж.	ұжым м.а. Смаилова У. Ш.  «__»__ 20__ ж.
	Заң департаментінің басшысы	Лахов С.В. «__»__ 20__ ж.	м.а. Манештова А.М. Манештова  «__»__ 20__ ж.
	Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы	Масанова А.А.  «__»__ 20__ ж.	«__»__ 20__ ж.

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Студенттерді қабылдау басқармасы	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ жоғары білім білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу Ережесі
		Редакциясы: 1 26 беттің 3 беті

## Мазмұны

1.	Жалпы ережелер	4
2.	ҰБТ-ға қатысу үшін құжаттарды қабылдау	6
3.	Арнайы емтиханды қабылдау және өткізу тәртібі	8
4.	Республикалық бюджет есебінен және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі	10
5.	Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімінің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау тәртібі	13
6.	Әскери қызметті өтеген азаматтарды ақылы негізде оқуға қабылдау тәртібі	15
7.	Университетке қабылдау тәртібі	17
	1 қосымша	20
	2 қосымша	24
8.	Өзгерістерді тіркеу парағы	25
9.	Танысу парағы	26

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Студенттерді қабылдау басқармасы	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ жоғары білім білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу Ережесі
		Редакциясы: I 26 беттің 4 беті

## 1. Жалпы ережелер


1.1. Осы ереже 2023-2024 оқу жылында «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ білім берудің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау (бұдан әрі - Ереже) келесі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген:

- 1) Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ;
- 3) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409-І Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім);
- 4) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік іс жүргізу кодексі;
- 5) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (бұдан әрі – Заң);
- 6) «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі № 155-І Заңы;
- 7) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңы;
- 8) «"Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысы;
- 9) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (бұдан әрі - Үлгілік ережелер);
- 10) «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және "Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығына;
- 11) «С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) оқуға қабылдау тәртібін реттейтін ішкі нормативтік-құқықтық актілеріне.

1.2. Университетке түсетін тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысын және /немесе жоғары білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты және басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады.

1.3 Университетке жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім алған тұлғалар қабылданады.

1.4 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта,

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Студенттерді қабылдау басқармасы	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ жоғары білім білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу Ережесі

техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша:

- 1) ұлттық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ұлттық ұйымдарына (ЖЖОКБҰ) – кемінде 65 балл;
- 2) "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл.

Бұл ретте ҰБТ-ның әр пәні бойынша кемінде 5 балл алу қажет.

1.5. Республикалық бюджет қаражаты есебінен батыс және халқы тығыз орналасқан өңірлердің азаматтарына бөлінген жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар рұқсат етіледі. ҰБТ тапсырған және оның нәтижелері бойынша балл жинаған қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар оқытудың сабақтас бағыттарына түсетіндерді қоспағанда:

- 1) ұлттық ЖЖОКБҰ -ға түсу үшін – кемінде 60 балл, «Денсаулық сақтау» мамандығы бойынша – кемінде 70 балл.

1.6. SAT (ЭсЭйТи – САТ), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және немесе осы Үлгілік қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады. SAT (САТ) балдарын ҰБТ-ға ауыстыру SAT reasoning (САТ ризонинг) және SAT subject (САТ сабджект) сертификаттары болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте SAT subject (САТ сабджект) нәтижелерін ҰБТ балына ауыстыру бейінді пәндер сәйкес келген жағдайда ғана жүргізіледі.

1.7. Университет жүзеге асыратын жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тізімі университеттің ресми сайтында ([www.kaznmu.edu.kz](http://www.kaznmu.edu.kz)) орналастырылған.


1.8. Университет Заңның 43-1-бабы 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес Заңның 26- бабының 8 және 9-тармақтарында көрсетілген түсушілерді қоспағанда, қабылдау тәртібін, нысанын, қосымша емтихан өткізу бағдарламасын және (немесе) даярлық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып, түсушілер үшін өту балын айқындайды. Оқуға түсуші университет белгілеген қосымша емтиханнан және (немесе) белгілеген өту балынан өткен жағдайда Университетке қабылданады.

1.9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

1.10. «Орта буын маманы» немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды университеттің қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

1.11. Жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды университеттің қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

1.12. Әскери борышын өтеген жалпы орта білімі бар азаматтарды университетке ақылы негізде оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде Университет өткізген

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Студенттерді қабылдау басқармасы	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ жоғары білім білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу Ережесі

әңгімелесу нәтижелері бойынша әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте әскери қызмет өткерген азаматтарды оқуға қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

1.13.Әскери борышын өтеген Қазақстан Республикасының азаматтары техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар, әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде университет тарапынан әңгімелесу нәтижелері бойынша қабылданады. Бұл ретте әскери қызмет өткерген азаматтарды оқуға қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

1.14.Университетке оқуға түсу кезінде "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен бекітілген мөлшерде қабылдау квотасы қарастырылады.

1.15.Университетке түсушілерді қабылдау "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 (Нормативтік құқықтық актілерді бұйрығымен мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында жарияланатын электрондық сертификат (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.


1.16.Университетте Басқарма Төрағасы - Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына Басқарма Төрағасы - Ректор, проректорлар, құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы құрамының саны тақ санды құрайды. Қабылдау комиссиясының төрағасы университеттің Басқарма Төрағасы - Ректор болып табылады және оның бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

## **2. ҰБТ- ға қатысу үшін құжаттарды қабылдау**

2.1.ҰБТ өткізу тәртібі Ұлттық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 «Бірыңғай тестілеуді өткізу және "Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен регламенттелген.

2.2.ҰБТ өткізіледі:

1) қалауы бойынша ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11 (12) сынып оқушыларына;

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Студенттерді қабылдау басқармасы	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу Ережесі
		Редакциясы: I 26 беттің 7 беті

2) қалауы бойынша республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін немесе республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін орта білім беру ұйымдарының ағымдағы жылғы бітірушілеріне;

3) республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру ұйымдарының өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілеріне;

4) республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін жоғары білімнің қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілеріне;

5) республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін мен шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдарға;

б) ЖЖОКБҰ-ға күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылдау үшін ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балл алмаған, ҰБТ нәтижелері жойылған, бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар тұлғаларды күнтізбелік жылы ақылы негізде одан әрі қабылдау үшін ҰБТ қағаз немесе электрондық форматта ҰБТӨП базасында немесе базалық ЖОО-да немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымдарда өткізіледі.


2.3. ҰБТ қағаз немесе электрондық форматта Ұлттық тестілеу орталығымен ҰБТ өткізу орны базасында немесе базалық жоғары оқу орнындарында немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымдарда өткізіледі.

2.4. Талапкерлер ҰБТ-ны Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқыту тілі) және екі бейіндік пән бойынша тапсырады: «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша – химия, биология, «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББТ бойынша – химия, биология, «Менеджмент және басқару» ББТ бойынша – география, математика

2.5. Түсушілер ҰБТ-ны қалауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде тапсырады. Бұл ретте ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсыратын түсушілер үшін Қазақстан тарихы бойынша тестілеу қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде өткізіледі.

2.6. ҰБТ-ға ең жоғары ұпай саны – 140 балл.

2.7. ҰБТ нәтижелері Ұлттық тестілеу орталығының [www.testcenter.kz](http://www.testcenter.kz) сайтында жарияланады. Электрондық сертификат Ұлттық тестілеу орталығының электрондық цифрлық қолымен расталған ҰБТ-ның әрбір пәні бойынша баллдары көрсетілген ҰББДҚ ақпараттық жүйесіндегі мәліметтерден тұрады.

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Студенттерді қабылдау басқармасы	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ жоғары білім білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу Ережесі

### **3. Арнайы емтиханды қабылдау және өткізу тәртібі**

3.1.«Денсаулық сақтау» білім беру саласындағы білім беру бағдарламалары топтары бойынша оқуға қабылдау арнайы емтихан нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

3.2.Үлгілік Ережемен бекітілген, білім беру бағдарламалары топтарының арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар тізбесіне сәйкес «Медицина», «Педиатрия», «Стоматология», «Мейірбике ісі», «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламаларының топтары үшін Арнайы емтиханды өткізу жүргізіледі.

3.3.«Денсаулық сақтау» білім беру саласына түсетін тұлғалар ЖЖБҰ қабылдау комиссиялары өткізетін бір арнайы емтихан тапсырады.

3.4.Арнайы емтихан жүргізу нысаны үлгілік қағидаларға сәйкес белгіленетін психометриялық емтихан болып табылады.

3.5.Оқуға түсетіндердің құжаттарын қабылдау және арнайы емтихан өткізу қабылдау комиссиясымен күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 24 тамызы аралығында жүзеге асырылады. ҰБТ-ны электронды форматта өткізу кезінде оқуға түсетіндердің құжаттарын қабылдау және арнайы емтиханды өткізу күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

3.6.Оқуға түсушілер қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар тапсырады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (төлнұсқа);
- 2) 3 x 4сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

Қашықтықтан форматта құжаттарды қабылдауға және психометриялық емтихан өткізуге рұқсат етіледі.


3.7.Басқарма Төрағасы – Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімі бойынша арнайы емтихан ұйымдастыру және өткізу үшін емтихан өткізу кезінде емтихан комиссиясы құрылады. Комиссия құрамына университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

3.8.Комиссия мүшелері тақ саннан тұрады. Комиссияның шешімі, егер оның мүшелерінің кем дегенде үштен екісі жиналысқа қатысса, жарамды болып есептеледі.Комиссия шешімі емтиханға қатысқандардың көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.9.Арнайы емтихан өткізуге арналған бағдарламаны байланыс дағдылары кафедрасымен әзірленеді және қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

3.10.Арнайы емтиханның кестесін (емтихан нысаны, күні, уақыты мен орны) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғанға дейін талапкерлер назарына жеткізіледі және университеттің ресми сайттында жарияланады.



	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Студенттерді қабылдау басқармасы	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ жоғары білім білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу Ережесі

3.11. Университетте арнайы емтихан тапсыру кезінде бейне - және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияға (үй-жайға) оқуға түсушіні жіберу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Түсушілерге арнайы емтихан басталғанға дейін емтихан тапсыру тәртібі түсіндіріледі, емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны, апелляция беру тәртібі көрсетіледі.

3.12. Психометриялық емтиханды қашықтықтан тапсырған жағдайда, үміткер университеттің веб-сайтында тіркеледі, мәліметтерді тексеріп, техникалық хатшы бекіткеннен кейін кестеге сәйкес емтиханды тапсырады. Психометриялық емтихан тапсыру туралы толық нұсқаулықтар университеттің сайтында орналастырылады.

3.13. Арнайы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" түрінде бағаланады.

3.14. Арнайы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомосімен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) тапсырылады. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

3.15. Арнайы емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.


3.16. Арнайы емтиханның нәтижелері бойынша талапкерге арнайы емтихан тапсырылған жеріне қарамастан жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына ұсыну үшін қабылдау парағынан үзінді көшірме беріледі.

3.17. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнайы емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

3.18. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнайы емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнайы емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

3.19. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнайы емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

3.20. Қабылдау комиссиясы арнайы емтихан аяқталған күні республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және жергілікті бюджет және (немесе) ақылы негізде университетке оқуға қабылдау үшін арнайы емтиханның қорытындысын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Студенттерді қабылдау басқармасы	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ жоғары білім білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу Ережесі

#### **4. Республикалық бюджет есебінен және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі**

4.1. «Бакалавр» дәрежесін бере отырып, жоғары білімге ақы төлеуге білім беру грантын тағайындау тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 Қаулысымен бекітілген "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы» (әрі қарай – грантты тағайындау туралы Ереже) қағидасымен регламенттелінеді.

4.2 Республикалық бюджеттен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсты білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын республикалық комиссия, ал жергілікті бюджеттен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсты жергілікті атқарушы органның (ЖАО) комиссиясы өткізеді.

4.3. Батыс және халық тығыз орналасқан өңірлердің азаматтарына республикалық бюджеттен бөлінген өңірлер бойынша білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі конкурсты республикалық комиссия өткізеді. Білім беру гранттарын тағайындауға конкурс өткізілетін өңірлердің тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

4.4. Республикалық комиссияның отырыстары жоғары білім алуға ақы төлеу үшін гранттарды тағайындау 1 тамызға дейін өткізіледі.


4.5. ЖАО комиссиясының отырыстары жоғары білім алуға ақы төлеу үшін республикалық бюджеттен білім беру гранттарын тағайындау қорытындылары жарияланғаннан кейін 15 тамызға дейін өткізіледі.

4.6. "Бакалавр" дәрежесі берілетін жоғары білім алуға ақы төлеу үшін республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттары оқуға түсушілер мәлімдеген білім беру бағдарламалары топтарының кезектілігіне сәйкес білім беру грантын беру туралы куәлік беріліп, ҰБТ нәтижелеріне сәйкес білім беру бағдарламаларының нақты топтары бойынша конкурстық негізде беріледі.


4.7. Жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсында Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша, екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

4.8. Республикалық бюджет қаражаты есебінен, оның ішінде батыс және халқы тығыз орналасқан өңірлердің жеке тұлғалары үшін білім беру гранттары, жоғары білім берудің білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін талапкер университеттің қабылдау комиссиясына және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы 13 шілде мен 20 шілде аралығында белгіленген үлгідегі бланкіде өтінішті береді.

4.9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және тиісінше мамандық бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы No 414-V Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша тапсырады.

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Студенттерді қабылдау басқармасы	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ жоғары білім білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу Ережесі

- 4.10. Жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін оқуға түсуші өтініште өзі таңдаған жоғары білімнің беру бағдарламаларының тобын және ЖЖОКБҰ-ны көрсетеді.
- 4.11. Бейіндік пәндер сәйкес келген жағдайда оқуға түсуші білім беру бағдарламаларының төрт тобына дейін көрсете алады.
- 4.12. Батыс және халық көп шоғырланған облыстардың ЖЖОКБҰ -ға түсетін тұлғалары республикалық комиссия бекіткен тізімге енгізілген төрт облысқа дейін, білім беру бағдарламаларының төрт тобын және ЖЖОКБҰ тізімін көрсете алады.
- 4.13. Төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы, жаһандық немесе өңірлік, сондай-ақ жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімдері республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын тағайындауды білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.
- 4.14. Мерзімнің өзгеруі туралы ақпарат білім беру саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында, бұқаралық ақпарат құралдарында, "электрондық үкімет" веб-порталының тиісті құрамдастарында жарияланады.
- 4.15. Шет тілдегі құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде нотариалды куәландырған аудармасымен ұсынылады.
- 4.16. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификатталады.
- 4.17. Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар, мүгедектігі бар балалар, сондай-ақ бала кезінен мүгедектігі бар тұлғалар қабылдау комиссиясына және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы таңдаған білім беру бағдарламалары тобы бойынша оқу үшін қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды береді.
- 4.18. Баллдар тең болған жағдайда, жоғары білімнің білім беру грантын беруге басым құқығы бар оқуға түсушілер қабылдау комиссиясына осы құқықты растайтын құжатты грантты тағайындау Ережесіне сәйкес тапсырады.
- 4.19. "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламаларына түсушілер және арнайы емтиханнан өтіп, рұқсат алғандар білім беру грантын беруге арналған конкурста ЖЖОКБҰ және арнайы емтиханды тапсыру орнына қарамастан, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының төрт тобын таңдау құқығына ие.
- 4.20. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, медициналық қорытындыға сәйкес таңылған бағдарламаларының тобы бойынша оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар, кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар, бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші және екінші

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Студенттерді қабылдау басқармасы	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу Ережесі
		Редакциясы: I 26 беттің 12 беті

топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін конкурс көрсетілген санаттар арасында бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысының жалпы көлемінен бекітілген квоталар бойынша өткізіледі. Білім беру грантын алуға арналған конкурсқа қатысушы тұлғалар үшін қабылдаудың көрсетілген квоталары барлық мәлімделген білім беру бағдарламалары топтарында қолданылады.

4.21.Қабылдау квотасы көзделген ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары тобының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4.22.Білім беру саласындағы уәкілетті орган республикалық комиссия шешімінің негізінде бұйрық шығарады және оқуға түсушілерге куәлік береді.

4.23.Жоғары білімнің білім беру гранты иегерлерінің тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Грант иегері жоғары білімнің білім беру грантынан бас тартқан жағдайда жоғары білімнің білім беру грантын беру туралы куәлік және талапкердің өтініші білім саласындағы уәкілетті органға 15 қыркүйекке дейін тапсырылады.

4.24."Бакалавр" дәрежелері берілетін жоғары оқу орнында білім алуға ақы төлеу үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсты тиісті облыс және (немесе) республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен құрылатын ЖАО конкурстық комиссиясы өткізеді.

4.25.ЖАО білім беру гранттары өңірдің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларға қажеттілігі есебімен білім беру бағдарламаларының топтары бойынша оқуға түсушілер мәлімдеген білім беру бағдарламалары топтарының кезектілігіне сәйкес білім беру гранттарын беру туралы куәлік беріліп, ҰБТ нәтижелеріне сәйкес беріледі.

4.26.ЖАО білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін оқуға түсуші қабылдау комиссиясына жоғары білім алуға ақы төлеу үшін 5-10 тамыз аралығында гранттарды тағайындау Ережесіне сәйкес құжаттарды тапсырады.


4.27.ЖАО комиссиясы шешімінің негізінде тиісті облыс немесе республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің немесе әкім орынбасарының бұйрығы шығарылады және оқуға түсушілерге ЖАО білім беру гранттарын беру туралы куәлік беріледі. ЖАО білім беру гранттары иегерлерінің тізімі жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарда жарияланады.

4.28.ЖАО білім беру гранттарын беру туралы куәліктің негізінде университеттің басшысы ЖАО білім беру гранты бойынша оқуға қабылдау туралы бұйрық шығарады.

4.29.ЖАО білім беру гранты иегерімен "ЖАО-студент-ЖЖОКБҰ" үш жақты шарт жасалады.

4.30.Грант иегері ЖАО білім беру грантынан бас тартқан жағдайда ЖАО білім беру гранттарын беру туралы куәлік жойылады, білім беру гранты осы Ережеде белгіленген тәртіппен конкурстық негізде беріледі.

4.31.ЖАО білім беру гранттарын беру туралы куәлік қайтарылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы күнді және ЖАО білім беру грантынан бас тартқан тұлғаның

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Студенттерді қабылдау басқармасы	«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне» КЕАҚ жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу Ережесі

деректерін көрсете отырып, оның күшін жою туралы акт жасайды және университет мөрімен бекітілген актіні күнтізбелік үш күн ішінде ЖАО-ға тапсырады.

4.32.ЖАО-ның білім беру гранттарын беру туралы куәлікті азаматтардың конкурсқа қатысу үшін тапсырған құжаттарымен бірге, ЖАО-ға 25 тамыздан кешіктірмей береді.

## **5. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына ақылы негізде оқуға қабылдау тәртібі**

5.1.Қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары оқу орындарының кадрларын даярлаудың сабақтас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдарды, сондай-ақ оқудың қысқартылған мерзімін көздейтін тұлғаларды қабылдау жоғары білімі бар, қысқартылған оқу мерзімін қарастыратын білім беру бағдарламалары тобы бойынша ақылы оқуға түсу Университет өткізетін қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

5.2.Жоғары білімнің мәндес білім беру бағдарламалары топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтарының сәйкестігі жөніндегі [Әдістемелік ұсынымдарын](#) (бұдан ары – Әдістемелік ұсынымдар) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді. Түсушінің дипломында көрсетілген мамандық шифрі мен Әдістемелік нұсқаулықта көрсетілген мамандық шифрі сәйкес келмеген жағдайда, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін оқу бағдарламаларына қабылдау мүмкіндігі туралы шешімді формалды және бейформалды оқыту нәтижелері тану үшін Комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қабылдайды.

5.3.Кадрларды даярлаудың сабақтас бағыттары бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалардың, сондай-ақ жоғары білімі бар тұлғалардың оқу мерзімі бұрынғы білімінің нәтижелерін тану негізінде қысқартылады.


5.4.17 шілдеден 8 тамызға дейін талапкер қабылдау комиссиясына өтініш пен білімі туралы құжаттың көшірмесін транскрипттің көшірмесімен бірге береді, ол құжаттарды түпнұсқалармен тексергеннен кейін оны Комиссияға жібереді.

5.5.Комиссия қолданыстағы Қағидаларға сәйкес формальды білім берудің бұрын қол жеткізген оқыту нәтижелерін тануды ескере отырып, білім беру бағдарламасы бойынша академиялық кредиттер санын және оқудың қажетті көлемін әрбір үміткер үшін жеке анықтайды.

5.6.Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және шешім қабылданған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылдау комиссиясына жіберіледі.

5.7.Комиссия оқу мерзімін қысқарту туралы шешім қабылдаған жағдайда үміткер 11 тамызға дейін қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) Өтініш
